

# «Миллионер бол»

«Миллионер бол» жарнамалық акциясы (әрі қарай — Акция) 25.12.2019 жылдан 30.06.2020 жылға дейінгі кезеңде өткізіледі.

## Акция қатысушылары

«Миллионер бол» акциясының қатысушысы болу үшін осы ережелерде (әрі қарай – «Ережелер») көрсетілген шарттарды орындау қажет. Ережелер Акция өткізудің заңды шарттарын белгілейтін жалғыз құжат болып табылады және 1000000.tele2.kz сайтында орналастырылады.

Акция қызметтерді қолдануды ынталандыруға және бейілді абоненттерді көтермелеуге бағытталған.

Акцияға жасы 18-ге толған, жеке тұлға ретінде өзіне рәсімделген нөмірімен Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматтары, тарифтік жоспарлардың келесі топтарына қосылған, 30 күнтізбелік күннен артық уақыт Оператордың абоненттері болып табылатын, аванстық есеп айырысу тәтібіндегі «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-нің (әрі қарай – Оператор) Tele2 брендiнiң абоненттері қатыса алады: «Базалық», «Үлкен», «Қосыл», «Бәрі КӘДІМГІДЕЙ», «Бәрібір», «Одан да арзанырақ», «Қоңырау шал», «Бізді біліп қой», «Интернет драйв», «Клан-2», «Күшті», «Бәрін ауыстыр», «Нокаут», «Кәдімгідей», «Старт», «Бастапқы+», «Студент», «Супер+», «Керегі осы» (тарифтік жоспарлар тобы бірдей сөзден басталатын тарифтік жоспарлардың барлығын қамтиды, мысалы «Үлкен» тобына «Үлкен», «Үлкен+» және «Үлкен мұрағаттық 2» тарифтік жоспарлары кіреді).

Акцияға қатысуға Оператордың жұмыскерлері/қызметкерлері және олардың жақын туыстары, тіркелмеген/дұрыс тіркелмеген абоненттер, роумингтегі абоненттер, кредиттік есеп айырысу жүйесіндегі абоненттер жіберілмейді.

Акцияға қатыса отырып, абонент акцияның барлық шарттарымен толық келіседі.

Акцияның шарттарын орындай отырып, Қатысушы Акцияға қатысуға өзінің келісім бергенін және осы Ережелермен танысып шыққанын растайды, сондай-ақ егер Қатысушы Жұлделер ұтысында жеңімпаз болған жағдайда өзінің тегін, есімін, әкесінің атын, тұратын қаласын Оператордың сайында және/немесе әлеуметтік желілерінде жариялау жолымен оларды пайдалануға өзінің келісім бергенін растайды.

Қатысушы осы Ережелерді бұзған жағдайда, Оператор оны Акцияға қатысудан шығару құқығын өз құзырында қалдырады. Шарттар Оператордың сайтында (1000000.tele2.kz) жариялау жолымен, Оператор тарапынан біржақты тәртіпте өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

## Акцияның ережелері

Акция Қатысушылары дербес ұсыныстар алады. Акцияға қатысу үшін Қатысушы келесі мақсатты әрекеттерді орындауы тиіс:

- Ұсынылған Тарифтік жоспарға өту немесе
- Теңгерімді ұсынылған сомаға толтыру немесе
- Тариф / қызмет бойынша абоненттік төлемді төлеу;

Акция қатысушысы 900 қысқа нөміріне қоңырау шалу немесе SMS-хабарлама жіберу арқылы (900 нөміріне қоңырау шалу, SMS-хабарлама жіберу – Теле2 абоненттері үшін тегін болып табылады), немесе \*900# комбинациясын тере отырып (бұл да тегін) жұлделерді алу шарттары (талап етілетін мақсатты әрекет және Кепілдендірілген жұлде) туралы біле алады.

900 нөміріне қоңырау шалу немесе SMS-хабарлама жіберу әрекеттерінің, USSD \*900# комбинациясын теру әрекеттерінің саны шектеулі (тәулігіне 10 мәртеден артық емес), бұл ретте Қатысушы үшін қолжетімді ұсыныстар жаңартылуы мүмкін.

Мақсатты әрекеттерді орындаған жағдайда, жұлделер ұтысына қатысу – тегін. Аталған мақсатты әрекетті белгіленген мерзімдерде орындаған жағдайда, Қатысушы:

- Кепілдендірілген жүлдені алады және
- «Лимондар» жүлдесінің ұтыс ойынына қатысушы болады.

Кепілдендірілген жүлдені ұсыну типін қайта есептеу Қатысушының тарифтік жоспарының шарттары мен мен тарифтік жоспарының тарифтік ерекшеліктеріне, Қатысушының белгілі бір қызметтерді пайдалану бойынша профиліне қарай, апта сайынғы негізде жеке жүргізіледі. Ұсыныстың қолданылу мерзімі 24 сағат: ағымдағы күннің түскі сәтінен бастап, келесі күннің түскі сәтіне дейін.

Алу шарттары туралы толық ақпарат Қатысушыға ұтыс болған сәтте ұсынылады.

### **Акцияның жүлде қоры**

Акцияға қатысқан жағдайда Қатысушы Кепілдендірілген жүлделер ала алады, сондай-ақ «Лимондар» жүлдесінің ұтысына қатыса алады

Кепілдендірілген жүлделердің келесі түрлері болуы мүмкін

- Акциялық шарттарда тарифтік жоспарларға қосылу.
- Теңгерімді толтырғаны үшін бонустар (минуттар, гигабайттар).
- Акциялық шарттарда қосымша қызметтерге қосылу.

«Лимондар» жүлдесінің келесі түрлері болуы мүмкін:

- 1 000 000
- 2 000 000
- 3 000 000
- 10 000 000

### **Жүлделерді алу ережелері**

Кепілдендірілген жүлделерді есептеу – барлық ережелер орындалған жағдайда, қатысушы мақсатты әрекеттерді орындағаннан кейін екі сағаттың ішінде автоматты түрде орын алады.

Қатысушы Кепілдендірілген жүлдені ұтып алған жағдайда, ағымдағы аптада тағы бір жүлдені ұтып алуға кепілдік берілмейді.

Кепілдендірілген жүлдені ұтып алған әрбір Қатысушы – мерзімділік негізінде (апта, ай) өткізілетін «Лимондар» жүлдесінің ұтыс ойынына, сондай-ақ арнайы және ақтық ұтыс ойынына автоматты түрде қатысады.

1. «Лимондар» жүлделерінің ұтыс ойыны үшін қатысушылардың тізімі келесі ережелерге сәйкес қалыптасады:

- Қатысушы 900 қысқа нөміріне қоңырау шалу, 900 қысқа нөміріне SMS-хабарлама жіберу немесе \*900# USSD-пәрменін теру қажет
- Қатысушы мақсатты әрекет жасауы қажет («Науқан ережелері» п. қараңыз)
- Тізім қатысушылардың 1 және 2 п. сәкес бірегей нөмірлерінен қалыптасады. Яғни әрбір нөмір, қарастырылып отырған мерзім аралығында орындалған мақсатты әрекеттерінің санына қарамастан, тізімге тек бір рет түседі.

«Лимондар» жүлдесін ұтып алған Акция Қатысушылары Акцияға қатысу шарттарына сәйкес келетін қатысушылар тізімінен кездейсоқ жолмен, кездейсоқ сандардың генераторы болып табылатын random.org және басқа да сайттар арқылы анықталады. Трансляция Instagram ресурсында жүргізіледі.

«Лимон» жүлдесін ұтып алған жағдайда, ұтып алған Қатысушыға Оператордың өкілі жұмыс күндері Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін жүлдені табыстаудың еңгей-тежеуін талқылау үшін қоңырау шалады. Өкіл ұтып алған Қатысушыға қоңырау шалу әрекетін – ұтып алған сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде жасайды, жеңімпазбен байлансудың кемінде 5 әрекеті жасалады. Егер 5 жұмыс күні ішінде Қатысушыға қоңырау шалып, оны ала алмаған жағдайда, немесе егер ол өзі туралы деректерді (Аты-жөні, ЖСН, орналасқан қаласы және т.б.) хабарлай алмаған болса, я болмаса осы Ережелерді бұзған болса, жүлде Оператордың

меншігіне өтеді, ал жеңімпаз жүлдені талап ету құқығынан айырылады. Уақыт санағы – көзделген ұтыс күнінің түскі уақытынан (12:00) басталады.

Оператордың өкілі ұсынылған деректердің (жеңімпаздың аты-жөні, мекенжайы, туылған күні, жеке басын куәландыратын құжатының деректері, мобильді нөмірі) – абоненттік шартта көрсетілген абонент деректерімен сәйкес келуіне қатысты, жеңімпазды анықтауды жүргізеді.

Егер ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Акцияның жеңімпазы анықтаудың кез-келгенінен өтпейтін болса, жүлде Оператордың меншігіне өтеді, ал жеңімпаз жүлдені талап ету құқығынан айырылады.

Сондай-ақ Оператор келесі жағдайларда Акция қатысушысына «Лимон» жүлдесін беруден бас тартуға құқылы:

- Егер жеңімпазда байланыс қызметін көрсету шарты бойынша Оператордың алдындағы өтелмеген берешек бар болса;
- Егер анықтау жүргізудің нәтижесінде жеңімпаздың деректері Акцияға қатысқан нөмір бойынша абоненттік шарттың деректерімен сәйкес келмейтін болса. Мұндай жағдайда, «Лимон» жүлдесін алу үшін Қатысушы ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде абоненттік нөмірді қайта тіркеуі тиіс;
- Егер Акцияның жеңімпазы Акция Қатысушысын анықтау критерийлеріне сәйкес келмейтін болса, мұндай жеңімпаз жүлденің иесі бола алмайды.

«Лимондар» жүлдесін беру – жеңімпазды анықтау ойдағыдай өткен күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде жеңімпаздың абоненттік дербес шотын тиісті сомаға толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Жұлделерді ақшалай баламасымен алмастыру көзделмеген.

Акция Қатысушысы акцияны өткізу кезеңінде «Лимон» жүлдесін бір рет қана ұтып алуы мүмкін.

Жеңімпаздарға Жұлделерді табыстаумен байланысты салықтар Оператордың есебінен төленеді.

### **Қосымша ақпарат**

Оператор Акция бойынша ұтыс туралы растамасымен SMS-хабарламасы бар мобильді телефонды меншіктену, иемдену немесе пайдалану құқығы бойынша қандай да бір даулармен байланысты ешқандай жауапкершілік көтермейді. Операторға мобильді телефонды ұсынған тұлға оның іс жүзіндегі иесі болып есептеледі, егер де мұндай тұлға абоненттік нөмірдің тіркелген абоненті болып табылса немесе өз құқықтарының тиісті растамасын ұсынатын болса.

Оператор Акцияны өткізу тәртібі мен кезеңіне қатысты бөлігінде Акция ережелерін өзгертуге құқылы. Өзгерістер енгізілген жағдайда, Акцияның жаңартылған ережелері Оператордың 1000000.tele2.kz. сайтында орналастырылады.

Оператор қатысушыларды алып тастауға құқылы болады, егер де фрод немесе алаяқтық әрекеттер жасау ықтималдығы байқалған болса (Қатысушының жұлделерді алу үшін Ережелерді орағытып өту бойынша қасақана әрекеттері, немесе Ережелермен көзделмеген және тікелей тыйым салынбаған өзге әдістер).

Науқанға қатысу Қатысушының автоматты түрде Науқан Ережелерімен танысуын білдіреді, оларды сақтауға және Акцияға қатысу нәтижелері үшін толық жауапкершілікті өз бетінше көтеруге келіскенін білдіреді. Акцияға қатысу дерегі сондай-ақ Қатысушының Акцияға қатысуына негіз болған телефон нөмірін Акция Операторының оған SMS-хабарламалар жіберу, қоңырау шалу және Акцияны өткізуге қажетті өзге де байланысу әдістерін қолдану мақсатында пайдалануына қатысты, сондай-ақ Акцияны өткізу бойынша өз міндеттерін Оператордың орындауы мақсатында Қатысушыға қосымша ескертпестен және оның келісімін алмастан қатысушының дербес деректерін (аты, тегі, әкесінің аты, кез келген байланыс телефоны, сонымен қатар Қатысушының Науқанға қатысатын телефон нөмірі, мекен-жайы және басқалады қосқанда, бірақ шектелмеген) Оператордың және онымен өкілеттендірілген тұлғалардың пайдалануына қатысты Қатысушының келісімін білдіреді. Жоғарыда аталған дербес деректерді пайдалануға қатысты Қатысушының келісімі Акцияны өткізу және Жұлделерді табыстау мерзімі ішінде қолданыста болады және Акция Операторының дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыру және жүзеге асыру жағдайларына тарайды.

Акцияға қатыса отырып, Қатысушы мынаны растайды: осы Акцияны және өзге де осындай іс-шараларды өткізу үшін, тұтынушылардың деректер қорын қалыптастыру үшін, статистикалық есептер жасау үшін, маркетингтік зерттеулер жүргізу үшін автоматтандыру құралдарының пайдаланылуымен осы Акцияны өткізумен байланысты мақсаттарда дербес деректерді жинауды, жүйелендіруді, жинақтауды, сақтауды (соның ішінде кінәрат-талаптар ұсыну жағдайларына), нақтылауды (жаңарту, өзгерту), пайдалануды (соның ішінде ұтыстарды табыс ету үшін, Акцияны өткізумен байланысты мақсаттарда қатысушылармен жеке тілдесу үшін), таратуды, тұлғасыздандыруды, бұғаттауды, жоюды қоса алғанда, оларды өңдеуді жүзеге асыру құқығын, сондай-ақ электронды пошта мен SMS-хабарламалар жіберуді қоса алғанда электрбайланыс желілері арқылы Қатысушымен байланысу құқығын Операторға ұсынуға келіседі.

Акция – Оператор сататын тауарлар мен қызметтерге деген сұранысты ынталандыру мақсатында «Мобайл Телеком Сервис» ЖШС-мен ұйымдастырылды.

Ережелерде тікелей келісілген жағдайларды қоспағанда, Оператор Акция Қатысушыларының Акцияға қатысумен байланысты жұмсауы мүмкін кез-келген шығындары мен жұмсалымдары үшін жауап бермейді.

### Ұтыс ойындарының өткізілетін күндері мен шарттары (тізім толықтырылады)

Кезең	Ұтыс ойыны өткізілетін күн	Ұтыс ойыны келесі кезеңде әрекеттерді орындаған Қатысушылардың арасында өткізіледі		Жұлделер
		Басталу күні	Аяқталу күні	
Апта сайынғы жұлде	10.01.2020	25.12.2019	29.12.2019	1 000 000
Апта сайынғы жұлде	10.01.2020	30.12.2019	05.01.2020	1 000 000
Апта сайынғы жұлде	15.01.2020	06.01.2020	12.01.2020	1 000 000
Апта сайынғы жұлде	22.01.2020	13.01.2020	19.01.2020	1 000 000
Апта сайынғы жұлде	29.01.2020	20.01.2020	26.01.2020	1 000 000
Апта сайынғы жұлде	05.02.2020	27.01.2020	02.02.2020	1 000 000
Ай сайынғы жұлде	12.02.2020	01.01.2020	31.01.2020	1 000 000
Ай сайынғы жұлде	12.02.2020	01.01.2020	31.01.2020	2 000 000
Ай сайынғы жұлде	12.02.2020	01.01.2020	31.01.2020	3 000 000
Апта сайынғы жұлде	12.02.2020	03.02.2020	09.02.2020	1 000 000
Арнайы жұлде	13.02.2020	25.12.2019	09.02.2020	2 000 000
Арнайы жұлде	13.02.2020	25.12.2019	09.02.2020	2 000 000
Арнайы жұлде	13.02.2020	25.12.2019	09.02.2020	2 000 000
Арнайы жұлде	13.02.2020	25.12.2019	09.02.2020	2 000 000
Арнайы жұлде	13.02.2020	25.12.2019	09.02.2020	2 000 000
Арнайы жұлде	13.02.2020	25.12.2019	09.02.2020	2 000 000
Апта сайынғы жұлде	19.02.2020	10.02.2020	16.02.2020	1 000 000
Апта сайынғы жұлде	26.02.2020	17.02.2020	23.02.2020	1 000 000
Апта сайынғы жұлде	04.03.2020	24.02.2020	01.03.2020	1 000 000

Апта сайынғы жүлде	11.03.2020	02.03.2020	08.03.2020	1 000 000
Ай сайынғы жүлде	12.03.2020	01.02.2020	29.02.2020	3 000 000
Ай сайынғы жүлде	12.03.2020	01.02.2020	29.02.2020	2 000 000
Ай сайынғы жүлде	12.03.2020	01.02.2020	29.02.2020	1 000 000
Апта сайынғы жүлде	18.03.2020	09.03.2020	15.03.2020	1 000 000
Апта сайынғы жүлде	25.03.2020	16.03.2020	22.03.2020	1 000 000
Апта сайынғы жүлде	01.04.2020	23.03.2020	29.03.2020	1 000 000
Апта сайынғы жүлде	08.04.2020	30.03.2020	05.04.2020	1 000 000
Апта сайынғы жүлде	15.04.2020	06.04.2020	12.04.2020	1 000 000
Апта сайынғы жүлде	22.04.2020	13.04.2020	19.04.2020	1 000 000
Апта сайынғы жүлде	29.04.2020	20.04.2020	26.04.2020	1 000 000
Ай сайынғы жүлде	12.04.2020	01.03.2020	31.03.2020	3 000 000
Ай сайынғы жүлде	12.04.2020	01.03.2020	31.03.2020	2 000 000
Ай сайынғы жүлде	12.04.2020	01.03.2020	31.03.2020	1 000 000

Оператор 1000000.tele2.kz сайтында осы кестені жаңарту жолымен, ұтыс ойындарын өткізу күндеріне өзгертулер енгізуге құқылы.